

Бекітемін:



«Ай-Керім» бөбекжай-
сының меңгерушісі
А.И.Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
«Сенсорика әлеміндегі ғажайыптар»



«Ботақан» кіші тобы

Тәрбиеші: Досанова Әйгерім Әмірбекқызы

2021ж

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Ботақан» I-кіші топ

Білім саласы: : «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Денсаулық»

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту. Сенсорика. Апликация. Денешынықтыру

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Сенсорика әлеміндегі ғажайыптар »

Мақсаты: Балаларды төрт түсті топтастыруға үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Қиялдарын дамыту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыстар: Дидактикалық ойындар.

Көрнекіліктер: Түрлі түсті шарлар, слайд.

Блингвалдық компоненттері: Сенсорика әлеміндегі ғажайыптар- чудеса в мире сенсорики.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	-Балалар бүгінгі күн біз үшін ерекше және қызықты болмақ. Бізге қонақтар келіпті. Қанекей қонақтармен сәлемдесейікші. Қуанамыз қонақ келсе біздерге Ізетпенен сәлем дейміз сіздерге Сәлеметсіздер ме! Шаттық шеңбері Біз балдырған баламыз Бақшамызға барамыз Көп қызықты білімді Бақшадан аламыз -Балалар бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы. Аспанымыз ашық болсын! Достарымыз көп болсын. Бүлдіршіндеріміз ауырмасын Ата-аналарымыз қасымызда болсын! Бақшамыз гүлдене берсін! -Міне балалар сендер тату-тәтті дос екендерінді білдіріп бір-біріңе жақсы тілектер айттыңдар. Тілектерің қабыл болсын!	Көтеріңкі көңіл күймен қонақтармен сәлемдеседі. Шаттық шеңберін айтады. -көктем
Ұйымдастыру- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Машаның кіруімен ғажайып сәт ұйымдастыру. Музыка әуенімен Маша кіреді: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен таңнан бері мына көбелектерді қуып ұстай алмай жүрмін, әбден шаршадым. Үсті басым малмандай су	Көктем Ағаштар бүршік атады, күн жыланады. Машамен сәлемдеседі

	болды, киімім жыртылып қалды. Тәрбиеші: Маша сен уайымдама, біз саған көмектесеміз! Тәрбиеші: Балалар Машаның көңілін көтереміз бе? Машаға арнап өлең шумақтарын айтып берейікші. Ойыншығым қуыршақ Не берсемде жемейді Еркелігі соншама Көтермесем жүрмейді (Алина) Қуыршақ, қуыршақ Таза суға жуынсақ Қол ұстасып дос болып Бақ ішінде қыдырсақ. (Ұлдана) Маша: Жарайсыңдар! Ой қандай тамаша керемет өлең шумақтары. Маша: Балалар менімен бірге ойнағыларың келе ме? Д.О: «Көңілді күн» Ойынның шартымен танысып алайық. Ойынның шарты: Түсіне сәйкес ұяшыққа орналыстыру. Жарайсыңдар балалар! Маша: Менің балаларым барлық түсті дұрыс орналыстырды. Маша:Иә, бәрі дұрыс! Тәрбиеші: Балалар келіндер Машамен бірге бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті Сары, жасыл, қызыл, көк гүлдер Бұл недеген көп гүлдер Теріп, теріп алайық Қонақтарға сыйлайық Маша: Ой, тамаша болдығой. Бойым сергіп қалды. Тәрбиеші: Балалар Машаның ойыны өте қызықты екен. Балалар бізде ендеше Машаға өз қолымызбен сыйлық жасап берейік. Олай болса моншақ болып тізіліп шығармашылық алаңға барайық. Түрлі-түсті киініп Моншақ болып тізіліп	Иә Қуана келіседі Көк Қызыға ойнайды
--	---	--

	Алаңға біз барайық Әдемі сыйлық жасайық Шығармашылық алаңға келеді. Тәрбиеші: Балалар мұқият қараңдар. Біз Машаға қуыршақ жасаймыз. Дәстүрден тыс әдіс тәсіл арқылы яғни бір реттік пайдаланатын пластмасс қасыққа фетр матасынан көйлектер қиып жапсырып, қуыршақ жасаймыз. Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз. Іске сәт балалар! Маша: Балалар маған жасаған қуыршақтарын өте әдемі болып шықты. Мен бұл қуыршақты достарыма көрсетіп мақтанатын боламын. Рақмет сендерге балалар менің көңіл-күйім көтеріліп уақытты өте қызықты өткіздім. Сау болыңдар балалар! Мен сыйлығымды достарыма көрсетіп таң қалдырайын.	Іс-қимылмен орындайды. Моншақ болып тізіліп өлең жолдарын айтады. Мұқият тыңдайды Қоштасады
Жетекші- жөндеуші	Балалар бүгінгі ҰОҚ-ті сендерге ұнадыма? -Бізге қонаққа кім келеді? -Біз Машаға тартуға не жасап бердік? Қане балалар тақпақ айтып қонақтармен қоштасайық. Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз тұрайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық.	Иә Маша Қуыршақ Қоштасады

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Төрт түсті атай біледі.

Қалыптасқан түсініктер: Заттардың әр-түрлі түсте болатынын түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Заттарды түстеріне қарай сәйкестендіре алады.